Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 24 (1131)

16.06.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ АРТТЫ

БИЫЛҒЫ 5 АЙДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ОҢ ДИНАМИКАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ. ӨҢІР БЮДЖЕТІ 486 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖЕТІП, 16%-ҒА ӨСКЕН. БҰЛ ЖАЙЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨШПЕЛІ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ХАБАРЛАДЫ.

Спикердің айтуынша облыста барлық негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізіліп, аймақтар арасында төртінші орынға шыққан.

– Алматы облысының құрамынан бөлінгенде өңірімізде экономиканың құрылымына, бюджет кірісінің аз бөлігі қалуына, тағы басқа объективті факторларға байланысты бірқатар көрсеткіштер төмендеген еді. Дегенмен 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыста барлық негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізіліп, жағдайымыз анағұрлым өзгерді. Мәселен, облыста биылғы жылдың 5 айында оң динамика арта түсті. Сауда 1,8 есеге, республикалық бюджеттің түсімдері – 2,8 есеге, құрылыс көлемі – 31,3%-ға, өнеркәсіп өндірісі – 14,1%-ға өсті. Жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 39,3%-ға жетті (ҚР – 36,5%). Биыл облыс бюджеті 486 млрд. теңгеге жетіп, 16 пайызға өсті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жетісу облысында пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылы аэрағарыштық түгендеу жұмыстары нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 1,077 мың гектар ауыл шаруашылық жерлері анықталды. Қабылданған шаралар нәтижесінде жайылымдық жердің 327 мың гектары айналымға енді, 401 мың гектар жер иелеріне заң бұзушылықтарды жоюға 1 жыл мерзімге нұсқамалар берілді, 128 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, – деп атап өтті Б.Исабаев.

Облыс әкімі жыл соңына дейін Жетісу облысында 213 км сумен жабдықтау желілерінің салынатынын да атап өтті. Нәтижесінде 2023 жылы 16 елді мекенде құрылыс пен қайта құру жұмыстары аяқталатын болады. Ал 2025 жылға қарай Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейінгі барлық елді мекендер газдандырылады. Нәтижесінде 500 мыңнан астам тұрғын немесе жалпы халықтың 71%-ы газға қол жеткізеді. Осы мақсатта «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу бойынша ЖСҚ әзірленіп жатыр.

2023 жылы атқарылуға тиіс шараларға жеке-жеке тоқталған облыс басшысы баспана мәселесін де шет қалдырмады. *«Жетісу облысында тұрғын үй алуға барлығы 29 мыңға жуық адам кезекте тұр, оның 15 мыңнан астамы – Талдықорғанда тіркелген. Осы жылы 322 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Жыл соңына дейін өңірде 2975 пәтер бөлінеді, оның ішінде Талдықорған қаласы бойынша – 1917. Ал, апатты үйлер мәселесін шешу үшін 232 пәтер сатып алуға 2,8 млрд теңге қарастырылды. Текелі қаласы мен Сарыөзек ауылында 60 пәтерден тұратын 2 тұрғын үй салынуда»,* – деген облыс басшысы келесі жылы апатты үйлер мәселесі толығымен шешілетінін айтты.

Бейбіт Исабаев баспасөз конференциясында білім беру саласындағы оң өзгерістерге де тоқталып өтті. Өңір басшысының айтуынша Жетісу облысында 2025 жылға дейін 21 жаңа мектеп салу жоспарланған. Оның ішінде 2 мектептің құрылысы биыл басталады. Ал 8700 орындық 10 мектеп «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде салынатын болады.

Өңір басшысы бұдан бөлек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін 11 млрд. теңгеге 59 объект салу көзделгенін де атап өтті.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

АҢДАТПА

ТРАДИЦИОННАЯ ВСТРЕЧА 3 бет

ДОСТИЖЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬНИЦ ПРЕЗЕНТОВАЛИ АБР

ТІЛСІЗ ЖАУ 5-бет

ҰРАНХАЕВ ҰЙЫМДАСТЫРА АЛМАДЫ...

ЖЫР САЙЫС 8-9-бет

ЖАНДАРБЕККЕ АРНАЛҒАН АЙТЫС ӨТТІ

ТҰЛҒА 13-бет

«ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН ЖАМПОЗЫМ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРҒА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

ОБЛЫСӘКІМІБЕЙБІТИСАБАЕВТАЛДЫҚОРҒАНҚАЛАСЫТҰРҒЫНДАРЫНА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ, – ДЕП ХАБАРЛАДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Алдымен зум платформасы арқылы қосылған тұрғын Азамат Слямов биогумус өндірісімен айналысуға қажетті жер сұрады. Ол органикалық тыңайтқыш өндіру жөніндегі бизнес-жобасымен 5 млн. теңгеге жуық грант ұтып алған. Енді өзі сияқты осы өндіріске ден қойып отырған серіктестерімен бірлесіп, ортақ инвестиция салып жаңа өндірісті бастауға ниетті. Ол үшін Талдықорған қаласының маңынан немесе Ескелді, Көксу секілді жақын аудандардан 2 гектардай жер қажет. Бұл мәселені Бейбіт Исабаев өзінің орынбасары Әлібек Жақанбаевқа тапсырып, жас кәсіпкердің бинес жобасымен танысып, көмек шараларын қарастыруды тапсырды. Бұл ретте жер бөлу конкурс арқылы өткізіледі.

Сол сияқты «Бәйтерек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлбике Самалбаева қоғамдық көліктерде аялдамаларды хабарлап отыру, автобус аялдамаларының шатырын кеңейту, медициналық және басқа да қызмет алу орындарында мүгедектерге кезексіз қызмет көрсетуді реттеу, тұрғын үй сияқты бірқатар мәселелер көтерілді. Облыс басшысы тұрғын үй кезек ретімен берілетінін түсіндіре келе, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта қалыптастыруда айтылған мәселелерді орындауды қала әкімдігіне міндеттеді.

Сонымен қатар облыс әкімінің қабылдауына кірген басқа да азаматтар мемлекет қорынан тұрғын үй алу, жалгерлік тұрғын үйді жекешелендіріп беру мәселелерін жиі көтереді. Өз кезегінде азаматтарға тұрғын үй қатынастары жөніндегі заң талаптары түсіндірілді. Қабылдауға жалпы саны 7 адам кірді.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

АШЫҚ ЕСІК

МАМАНДАРДАН ТЕГІН КЕҢЕС АЛДЫ

Мекеменің баспасөз қызметінің хабарлауынша 1 маусым күні Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында Балаларды қорғау күніне орай Ашық есік күні өтті.

Бұл күні ата-аналар Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының жетекші мамандарына балаларын тегін қаратып, кеңес алды.

Ашық есік күні барлығы 100-ге жуық балаға тегін консультациялар жүргізілді. Педиатрия орталығының балалар педиатрлары — пульмонолог, гастроэнтеролог, кардиолог, ревматолог, уролог, хирург, кардиохирург, невропатолог, қан тамырлары хирургы, эндокринолог мамандары балалардың денсаулығын тексеріп, ем қабылдау бойынша ата-аналарға қажетті ақпараттарды берді. Сонымен қатар, бұл күнге келген ата-аналар жүректің және іш қуысы мүшелерінің және бүйректің ультрадыбыстық зерттеуінен тегін өтуге мүмкіндік алды.

Орталық мамандары шара аясында ата-аналармен бала емізу, дұрыс тамақтану, иммунопрофилактика, жеке бас гигиенасы, гаджеттердің өсіп келе жатқан ағзаға тигізетін зияны туралы әңгімелер жүргізді.

«Педиатрия орталығы жанындағы ақылы диагностикалық бөлімге келушілер саны басқа күндері де көп. Бүгінгі акция келушілер үшін нағыз тосын сый болды. Ата-аналары тегін қарап жатқанын біліп, қатты қуанып жатыр. Бүгін келген ата-аналар барлық қабылдаулар мен узилерден тегін өткендері үшін дән ризашылықтарын білдіруде. Балалар үшін де тосын сыйлар әзірленіп, әдемі түсті шарлар мен сыйлықтар сыйға тартылды», –дейді ақылы диагностикалық кеңес беру бөлімінің меңгерушісі Альфия Назарова.

Ш. ХАМИТОВ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Жетісу облысында денсаулық сақтау саласының мамандарына құрмет көрсетілді. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, мамандығына адалдығы мен қажымас еңбегі үшін алғыс айтты, – деп хабарлады Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының сахнасында құттықтау сөз сөйлеген Б. Исабаев денсаулық сақтау саласын дамыту, медициналық инфрақұрылымды жақсарту және медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Облыс әкімінің айтуынша, биылдан бастап лауазымдық жалақыға түзету коэффициенттерін белгілеу арқылы медицина қызметкерлерінің жалақысын көтерудің бірыңғай тәсілдері әзірленген. Соның арқасында дәрігерлердің жалақысы ауылдық жерлерде орта есеппен 511 мың теңгеден, ал орта медперсоналдың жалақысы 291 мың теңгеден, ал қалаларда тиісінше 504 мың мен 268 мың теңгеден асты.

– Бүгінгі кәсіби мерекелеріңізге орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар. Адамның денсаулығы мен өмірі – қоғамда ең басты құндылық, ұлт саулығы – баға жетпес байлық. Сіздерді денсаулық сақшысы, күн сайын ерен ерлік жасайтын бейбіт күннің батырлары деп білеміз. Жұмыстарыңызға жай ғана міндет деп қарамай, халыққа жылы сөзбен, жүрек мейірімімен, жанашырлықпен қызмет етіп келесіздер. Сондықтан сіздердің Гиппократ антына, адамгершілік мұраттарына адал, ізгі еңбектеріңіз қандай құрметке де лайық, – деген облыс басшысы денсаулық саласы қызметкерлеріне тілегін білдіріп, марапаттау рәсімін атқарды.

Бірқатар медицина мамандары облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды, сондай-ақ 14 номинация бойынша үздіктер анықталды.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Тек биылдың өзінде осы салаға бюджеттен 89 млрд. теңге бөлінді. Соның ішінде материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында биыл жергілікті бюджет қаражатынан 253 бірлік медициналық техника мен 29 бірлік санитарлық автокөлік сатып алуға 4,4 млрд. теңге қарастырылып отыр.

Осы жылы өңірдің 24 елді мекенінде, негізінен ауылдық жерлерде жалпы сомасы 1,3 млрд. теңгеге 27 блокты-модульді кешен орнату жоспарланған. Сондай-ақ тағы 6 нысанның құрылысына 2 млрд.теңге бөлінді. Атап айтқанда, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында 250 келушіге емхана, Ақсу ауданы Сағабүйен ауылында 25 келушіге дәрігерлік амбулатория, Алтынарық ауылында медпункт, Алакөл ауданы Қамысқала ауылында және Панфилов ауданының Шежін ауылында 2 ФАП және Талдықорған қаласында құрылыстар жүруде.

Балауса ҚАСЫМХАН,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
3-курс студенті.

ҚАЗПОШТА

ONEWEB СПУТНИКТЕРІ АРҚЫЛЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Қазпошта OneWeb және Beeline Қазақстанмен жоғары жылдамдықты интернет байланысының әлеуетті қажеттіліктері мәселесі бойынша үшжақты келісімге қол қойды.

Қазпоштада еліміздегі ең ауқымды филиалдық желі бар және өндірістік нысандардың бір бөлігі интернет желісі тартылмаған шалғай ауылдық жерлерде орналасқан. Қазіргі таңда Қазпошта филиалдық желісіне 2000-ға жуық стационарлық ауылдық пошта байланысы бөлімшелері кіреді, олардың ішінде 340 бөлімше интернетке қосылмаған.

Келісім аясында One Web провайдер ретінде ауылдардағы пошта бөлімшелерін жоғары жылдамдықты интернет байланысымен қамтамасыз етуі тиіс. Ал Beeline Қазақстан жобаның техникалық интеграторы болып табылады. Бизнес-серіктестер ынтымақтастықтың жол картасын әзірлей отырып, стационарлық спутниктік абоненттік терминалдарды пайдаланып, сервистік сынақтар жүргізу мүмкіндіктерін зерттеуді көздеп отыр.

«Қазпошта пошта, қаржы, агенттік, цифрлық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, ауылдық пошта байланысы бөлімшелерін дамытуды жалғастырып жатыр. Ауыл тұрғындары мемлекеттік қызметтерді алуы үшін, Қазпошта Азаматтарға арналған үкіметпен бірлесе отырып, еліміздің алты облысында бірлескен жобаны іске қосты. OneWeb және Beeline Қазақстанмен шалғайдағы ауылдарды интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі келісім ауыл тұрғындары үшін Қазпошта қызметтерін кеңейтетін болады. Сонымен қатар, ауылдағы интернет байланысы білім беру, медицина саласы, түрлі экономикалық қажеттіліктер үшін де қажет. Осылайша пошта бөлімшелері ауыл, елдімекендер мен аудан орталықтарының тұрғындары үшін маңызды мемлекеттік қызметтерді алатын бірден-бір орталыққа айналады», - деп атап өтті «Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Әсел Жанасова.

"OneWeb, Қазпошта және Beeline арасындағы серіктестік Қазақстандағы байланысты дамытудағы маңызды кезең болып табылады. Өткен жылы Ұлттық ғарыш орталығында және Ақмола облысының ауылдық елдімекендерінде өткен даладағы сынақтардан кейін және елде бұрыннан бері жұмыс істеп келе жатқандықтан, OneWeb ауылдардағы және шалғай аудандардағы инфрақұрылым мен экономиканы жақсарту үшін, цифрлық алшақтықты жою қаншалықты маңызды екенін біледі. Жоғары өткізу қабілеттілігін және сигналды төмен деңгейдегі кідірісін қамтамасыз ететін, төмен орбиталық спутниктік байланыс желісін орналастыра отырып, мен Қазақстанға спутниктік байланыстың инновациялық технологияларының пайдасын қамтамасыз ету үшін, OneWeb-тің жергілікті серіктестермен ынтымақтастығын жалғастыруды асыға күтемін", - деді OneWeb бас коммерциялық директоры Стивен Бейнон.

«Біздің басты мақсатымыз – қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті жою. Сол үшін «250+» жобасына белсенді түрде қатысып келеміз. Жобаның арқасында Beeline ұялы байланысы мен жоғары жылдамдықты интернеті жалпы халық саны 1,5 миллионнан асатын Қазақстанның 1500-ден астам елді мекенінде пайда болды. Сондай-ақ, біздің өз «LTE Everywhere» бағдарламамыздың арқасында желіміздің 97%-да LTE желісі қолжетімді болды. Бұл келісімнің мақсаты - Қазақстанның шалғай ауылдарын елдің цифрлық экономикасына қосу және біз мұндай бастаманың технологиялық серіктесі болғанымызға қуаныштымыз», - дейді Beeline Қазақстан бас директоры Евгений Настрадин.

«Қазпошта» АҚ PR қызметі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТРАДИЦИОННАЯ ВСТРЕЧА

ДОСТИЖЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬНИЦ ПРЕЗЕНТОВАЛИ АБР

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, ДЕЛЕГАЦИЯ АЗИАТСКОГО БАНКА РАЗВИТИЯ УЖЕ ПО ДОБРОЙ ТРАДИЦИИ ПОСЕТИЛА ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА АЛМАТЫ. ЭТА ВСТРЕЧА ПРОВОДИТСЯ В РАМКАХ ОФИЦИАЛЬНОГО ВИЗИТА ЧЛЕНОВ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ В КАЗАХСТАН В ПЕРИОД С 15 ПО 18 ОКТЯБРЯ 2022 ГОДА.

Модератор мероприятия Председатель Совета деловых женщин города Алматы при Президиуме НПП «Атамекен» Акеркин Эралиева отметила плодотворное сотрудничество НПП «Атамекен» и Азиатского банка развития в реализации проекта по созданию центров.

«Спрос на услуги и инструменты ЦРЖП растет. Если в прошлом году по проекту ментор и менти обучение прошли 25 женщин, то в этом году количество менти выросло в два раза. Под наставничеством очень удобно сделать старт и эффективно вести бизнес. Сопровождение будет оказано до конца текущего года», – сказала Акеркин Эралиева.

Спикер напомнила, что в Алматы Центр развития женского предпринимательства был создан 16 марта 2022 года. Центры созданы и развиваются с учетом передового международного опыта, услуги оказываются для 7905 женщин на основании выявленных потребностей для их успешного развития в сфере бизнеса.

Об основных направлениях работы центров рассказала директор департамента по вопросам занятости и развитию малого и женского предпринимательства НПП «Атамекен» Айдана Тогизбаева.

«Благодаря Азиатскому банку развития и в целом программе развития ООН мы смогли создать в прошлом году 17 центров. Для нас это очень важно, так как это был новый проект для Казахстана. Мы показали хорошие результаты, в связи с чем Правительство РК поддержало проект и выделило денежные средства на финансирование на три года. В этом году у нас уже работают 20 центров», – отметила Айдана Тогизбаева.

На встрече приняли участие бизнесвумен, которые успешно сделали старт благодаря Центру развития женского предпринимательства.

«Главный прогресс и результат нашей работы — это продолжение проекта. Каждая из них получила результат в бизнесе. И самый, пожалуй, большой результат, которым стоит гордиться, это открытие бизнеса с нуля и выручка 50 млн тенге в течении 6 месяцев. 30 девушек объединились и сделали отдельный проект. Сегодня мы продолжаем коммуницировать и совместно уже реализовываем отдельный проект вне в рамках текущей программы, самостоятельно», – сказала ментор Анна Осипова.

Спикер отметила, что развитие ЦРЖП с их программами помогают делать правильные акценты. За 6 месяцев можно сделать годовые результаты.

Айдана Тогизбаева рассказала о планах на текущий год.

«Мы стараемся приложить больше усилий в части пиара этой программы, чтобы больше женщин узнали. На текущий год программа государство нам выделило денежные средства на несколько проектов. Первое направление – это отраслевое обучения для МСП без гендерного деления. То есть это действующие предприниматели, которые хотят расширить свой бизнес. Их будут обучать навыкам. Второе направление – Центры развития женского предпринимательства. Из выделенных средств 80 процентов идет на финансирование ЦРЖП», – сказала Айдана Тогизбаева.

Спикер отметила, что здесь предусмотрены 6 направлений и консультации. Первое это профессиональное обучение либо традиционное обучение ремесел. Следующие инструменты только для женщин – бизнес обзор, привлечение международного финансирования, участие в международных проектах, менторство, проект «Одно село - один проект».

Отбор на сопровождение ментора в палате предпринимателей города Алматы проходил 22 и 25 мая. Желающих попасть на обучающий курс ментора было большое количество. По результатам отбора на обучающий курс прошла 51 женщина. Эта услуга оказывается по направлению Центра развития женского предпринимательства проекта «Мен кәсіпкер».

Участники программы менторства прошлого года поделились своими достижениями.

«Я мама 6 детей и в 2022 году после того, как мой младший ребёнок подрос я хотела выйти на работу, но меня никто не брал на работу с таким количеством детей. И тогда я услышала о центре женского предпринимательства, куда я обратилась, где сотрудники меня добродушно встретили направили на обучение. Благодаря центру я обучилась на курсах кройки и шитья. И на данный момент я открыла свой небольшой цех в 120 кв. метров, где я отшиваю детский текстиль, казахскую национальную одежду, а также столовый текстиль. Я очень благодарна сотрудникам, которые на постоянной основе направляют на различия курсы, тренинги, обучения. Я даже ездила с коллегами в Астану на обучение социальному предпринимательству», – сказала предприниматель Жамиля Турумкожаева.

О своих достижениях также рассказала мама 3-х детей Камила Утепбергенова. Она изготавливает различные эко-сумки, сет упаковок, которых в дальнейшем можно использовать в быту.

«На данный момент мы реализуем эко-шопперы с принтами, до этого занимались обсайтингом. Обсайтинг - это новая жизнь ненужным вещам. Благодаря центру женского предпринимательства я получила колоссальные знания: как масштабировать бизнес, как выйти из сложной ситуации. Помимо этого, я участвовала в тренинге по флористике. Это дало мне возможность осуществить еще одну идею - производство эко-шопперов с цветами. И сейчас у нас на данным момент запускается проект «Сырға салу», где мы делаем упаковку для подарков. Но эти упаковки не выкидываются, а используются в быту», – говорит женщина.

Напомним, Казахстан стал членом АБР в 1994 году. Объем выделенных с того момента средств АБР для проектов в государственном и частном секторах составляет более $6 млрд в виде займов и грантов для финансирования проектов технической помощи. Инициативы регионального сотрудничества и интеграции в рамках Программы Центральноазиатского регионального экономического сотрудничества (ЦАРЭС) остаются неотъемлемой частью операций АБР в Казахстане.

АБР помогает Казахстану интегрироваться в глобальные транспортные сети, привлекать инвестиции и создавать рабочие места, повышать производительность сельского хозяйства, развивать возобновляемые источники энергии и бороться с изменением климата.

В составе делегации были президент АБР Г-н Масацугу Асакава, Главный советник президента АБР Харуо Такимура, Генеральный директор по Центральной и Западной Азии АБР, старший советник президента АБР Азуса Сато, директор АБР в Казахстане Нариман Маннапбеков.

Ш. ХАМИТОВ.

ЭТО ИНТЕРЕСНО!

НАЗВАН САМЫЙ ВЫСОКИЙ ЧЕЛОВЕК КАЗАХСТАНА

Оказывается, самый высокий человек Казахстана живет в Индерском районе Атырауской области и зовут его Парасат Нургалиев, сообщает Zakon.kz.



Как пишет azh.kz, Парасат Нургалиев вошел в Книгу рекордов Казахстана как «Самый высокий человек страны».

По словам официального представителя Книги рекордов Казахстана Куандыка Кудайбергенова, помимо официального статуса великана, Парасат еще и обладатель самой большой стопы в стране: у него 56-й размер обуви.

Как уточняется, рост Парасата Нургалиева составляет 218,5 см, вес — 150 кг.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДІҢГЕК

КҮШТІ МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНАН БАСТАЛАДЫ!

Қазақ қоғамы ештеңеден кем болып, әлемдік көштен қалып бара жатқан жоқ. Өйткені біз рухты ұлттың ұрпағымыз. Қаншама ғасырға созылған кес-кес шайқастар, қолдан жасалған аштық, өктемдік саясаттың пәрменімен ру, ауыл басшыларын бір-біріне жауластырған сатқын, жағымпаз, алаяқтық қылықтарға төзімділік таныта білген, жауына берілмей батылдықпен басын кескізген халықпыз. Жанын қинап ұрып-соғып, азаптап, тірідей терісін сыпырып алған сәтте де ұлтын сатпаған ұлы елдің ұрпағымыз. Біздің бабаларымыз оққа ұшса да ойсырамаған, қарсы шапқандардан қорқып қаймықпаған ержүрек ат үстінде шайқасудың қас шеберлері болған.

Абыз әже, асыл аналарымыз ер азаматтар ат үстінен түспей соғыста елін қорғап жүргенде ауыл-аймағының береке бірлігін сақтап, өз биліктерін жүргізіп, көрегендіктерін көрсетіп қара жұмысқа бел шешіп кіріскен, ұрпағын ашықтырмаған ардақты жандар болған. Қолына қылыш, садақ алып жауына қарсы шапқан қазақтың қыздары да аз болмаған.

Ата-бабаларымыз ар намысын таптатпай түнде ұйқысынан, күндіз күлкісінен айырылып жүріп қорғаған елін келешек ұрпағына «аманат» етті. Аманаттары 1991 жылы орындалды. Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметінше, 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша елдегі халық саны **1**9 миллион 854 мың 83 адамға жетіпті. 12 миллион 276,3 мың адам қалада, 7 миллион 577,7 мың адам ауылда тұрады екен. Соңғы ғасырларда қазақ ұлты қолдан жасалған саяси науқандардың құрбаны болмаған-да, әсіресе зиялы қауымдары қынаша қырылмағанда бүгіндері ұлтымыздың саны 80 мен 100 млн. арасында болатынын демограф ғалымдар дәлелдеп қойған екен. Бұлда болса қаншама ғасырға жалғасқан өткен өмірдің тарихи ащы шындығы. Ал, бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елінде, Қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан қазақ ұлт өкілдерінің рухы, тектілігі, ар намыс адалдық адамгершілік қасиеттері әркімнің өз болмысына қарай ағыммен ғана өтіп жатқандай..

Біз, Тәуелсіз, өз билігіміз өз қолымыздағы азат елміз. Мемлекет құрушы қазақ ұлты өзіміз. Бірақ та, «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп кесіп айтып, заң қабылдата алмай келеміз. Ана тіліміз тәуелсіздік ала алмаса, қазақ қоғамында ұлттық идеологияның орнығуы екі талай. Ұлттық идеологиямыз тұғырлы болмаса ұлттық рухымыз да басыла беретіні айтпаса да түсінікті...

Күшті мемлекет болғымыз келсе азаматтық қоғамды жан-жақты дамытуға, халық болып қоғамдық бақылауды күшейтуге күш салуымыз керек. Соның ішінде барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар жұмысының ашықтығын арттыруға ат салысуымыз қажет. Осы үрдісте аналардың рөлі, белсенділігі берекетті болары анық. Себебі «ана» деген асыл сөзде кие бар. Жер ана, асыл ана, туған ана, аяулы ана деп кете береді. Ертеңгі ел билейтін, елін қорғайтын рухты ерлерді дүниеге әкелетін де тәлім тәрбиенің негізін бойына санасына сіңіретін де осы аналар дер едім. Аналардың пешенесінің пәрменділігі мен назды қылықтарының құдіретіне ер жүрек батырлар мен ақылгөй даналардың, қылышынан қан тамған хандардың да ықпалы өтпеген кездер көп болғанын тарихи деректерден білеміз. Ал бүгінгі қазақ қоғамында аналар мен қыздарымыздың 60-70 пайызы өз еріктерімен орысша сөйлеп жүргені өтірік емес. Айтпағым ару қыздарымыз бен аналарымыз өзінің «ана тілін» пір тұтпайынша жігіттерді желкелесеңде тілдің жемісін көре алмасымыз анық.

Бүгінгі Қазақ қоғамында ер азаматтардың көбісі немқұрай-лылыққа бой алдырып қабілет, білім, таланттарына сай белсенділік танытудан гөрі өзінің жеке бас пайдасын көздеп бара жатқандай сезіледі. Бұл үрдіс тек мемлекеттік қызметте жүргендерде ғана емес бизнеспен, жеке кәсіппен шұғылда-нып жүргендердің арасында да кездеседі. Тіптен депутат болу үшін де осы үрдісті мақсат ететіндер баршылық. Онымен қоса әкімдіктен босап қалған немесе халыққа жағымсыз бола бастаған әкімдерді сенат, мәжіліс депутаты етіп сайлайтын үрдіске ықпал етіп келген билік иелері өткен отыз жылда аз болмады. Әлі де жалғасуда...

Шынтуайтына келсек ер аза-маттардың арасында халыққа қызмет көрсетуден гөрі әкімдер мен жоғары билік өкілдеріне, солардың абырой беделіне қызмет көрсететіндер көбейген.

Белгілі заңгер Айгүл Орынбек 2023 жылы 31 мамырда «kaz.caravan.kz» сайтында елімізде әйелдердің жұмыс жасауы, яғни, қызметте отыруы қоғамда кері пікір қалыптастыратынын ашып айтты. «*Қазақстандағы гендерлік саясат деген далбаса әңгіме. Қызметте жоғарылау үшін бастығының айтқанынан шықпайтыны ащы шындық*», – деп жазды. Бұл білікті заңгердің қыз-келіншектерге деген адал ниеті мен осы қылықты жасап келе жатқан ашкөз ер азаматтарға ұлттық құндылығымызды, ұлы-лығымызды ұлықтап өмір сүрейік деген батылдығы болса керек.

Әкімдер мен жоғарғы билік өкілдеріне қызмет көрсетуге бейім жандар аз емес деп саралауымыз мәселенің мәнін шешетін осы тұлғалардың алдына өздерінен басқаны көрсеткісі келмейтін, баяғыдан жалғасқан жүйеде жалған жайлылық танытып өз-дерінің қызметіне сөз келтірмей, халықтың мүддесін елеп ескермей жалған ақпарат, статистикалық мәліметтерді санадағы сан цифр-лармен толықтап бере салатын жандардың қылығы қазақ қоғамын-дағы келеңсіздіктердің тағы бір себепшісі болып тұрғандай. Және де бұл үрдіс мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «...*Халық үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз. Жаңа Қазақстанды, әділетті Қазақстанды халық-пен бірге құрамыз. Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін. Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындауға бір ауыздан жұмылуы керек. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Себебі дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы. Меніңше Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс. Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айырықша маңызды. Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады*», – деген сөзінің өмірде шынайы жүзеге асуына кедергі келтіруде.

Қазақ қоғамында кадр таңдау үрдісі әлі де жаңа заман талабына сай келмей жатқандай. Кадр, маман өзін көрсетіп дәлелдеп тұрса оның еңбек өтіліне талап қоюдың не қажеті бар. Мамандардың мемлекетке деген сенімдеріне селкеу түсіп, үкіметке деген үміті үзіліп шетелге кетуге мәжбүр болуы дұрыс қойылмаған талаптардың кесірі. Қаншама жылдар бойы таныс-тамырлармен жұмысқа алынып жатқан кадрлардың қазақ қоғамы ның қарыштап дамуына, халықтың әлеуметтік жағдайының артуына кері әсер етіп жатқаны енді-енді ашық айтыла бастады. Талай келеңсіздіктердің, адамның санасына сыймайтын былықтардың беті ашылып жатыр. Соны тағы қайталау кімдерге қажет? XXI ғасыр білім, ғылым дәуірі екені рас болса талантты дарын иелері не үшін «көке» іздеп немесе пара беруге мәжбүр болуы керек?

Керісінше олар лауазымын өздері таңдап қабілеті мен талантына сәйкес халқына көрсететін қызметінің құндылығына қарай айлық жалақысын да өздері таңдау мүмкіндігіне ие болса нағыз жаңа заманның талабына сай шынайлылық осыдан басталар ма еді. Үлкенін сыйлап, кішіге ізеттілік көрсетіп келген ұлт ұлылығы тәуелсіз Қазақ елі деген абыройымыздың асқақтап тұруының кепілі бола берсін.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТІЛСІЗ ЖАУ

ҰРАНХАЕВ ҰЙЫМДАСТЫРА АЛМАДЫ...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы адам шығыны болған аймаққа барып, қаза тапқандардың отбасымен жүздесіп көңіл айтты. «*Жауаптылар тиісті жазасын алады. Қылмыстық іс қозғалды. Зардап шеккендердің отбасына моральдық-материалдық көмек көрсетіліп, барлық жағдай жасалады»*, – деген мемлекет басшысы өрт болған өңірдегі төтенше жағдайлар қызметінің жай-күйін көзбен көріп қайтты. Жедел штаб жиынында Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың өрт болған аймаққа өзі бармай орынбасарын жібергенін, өрттің алдын алмағанын сынап, оған сөгіс берді. 12-ші маусым Республика бойынша қаралы күн деп жарияланды.

Құдайдың «Сақтанғанды сақтаймын» дегенін біздің қоғамдағы жергілікті билік түсінсе қанеки. Биліктегілер болары болып, бояуы сіңгенде ғана әрекет ете бастайды. Онда да мемлекет басшысы өзі араласып, стол тоқпақтап, қызметтерінен шеттетіп, төбелерінен төмпештеп, арнайы тапсырма бермесе шенді-шекпенділер өгіз-аяң тірлікпен күн кешіп жүре береді. Төтенше жағдай болып, адам шығыны орын алғанда кез келген жағдайға сақадай саймыз дегендердің шикілігі сүт бетіне қалқып шыққан қаймақтай көлкіп тұрады. Жылма-жыл миллиондаған қаржы бөлініп төтенше жағдайлар департаменті заманауи техникалар алып, құрал-жабдықтарын жаңартып түрлі оқу-жаттығулар өткізіп тұрады. Жақында ғана тура осындай жаңалықпен бөліскен Абай облысының Төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 99 адамнан тұратын 15 бірлескен мобильді топ құрылды деп айтқан болатын. Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Төтенше жағдайлар департаменті 2023 жылғы өрт қауіпті кезеңінде ел аумағында орман және дала өрттерінің алдын-алу және оларды жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын жасаған. Сол жоспарға сәйкес Абай облысында мобильдік топ та құрылған. Облыстағы мобильдік топ қазіргі күні 133 рейдтік іс-шара өткізіп, 33 адамды өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Айыппұлдың жалпы сомасы 1 млн.138 мың 500 теңгені құраған. Брифингте Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы полковник Манарбек Шапағатов пен Абай облысы бойынша орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Мақсат Елемесов баяндама жасады.

– *Қазіргі уақытта өрт сөндіру машиналарын кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы Абай облысына Төтенше жағдайлар министрлігі 9 өрт сөндіру автокөлігін бөлді. Биыл 978 млн 700 мың теңгеге 8 бірлік сатып алу жоспарланып, шалғайдағы елді мекендерде табиғи өрттер мен тұтануларды сөндіру үшін 1915 адамнан тұратын еріктілер тобы құрылды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар ауылдық елді мекендерде 49 өрт сөндіру бекетін құрды,* – дейді Манарбек Шапағатов. Абай облысының Төтенше жағдайлар департаменті елді мекендерде 2023-2025 жылдарға арналған өрт сөндіру бекеттерін ұйымдастыру туралы кезеңдік жоспарын да әзірлеген. Онда 30 км қызмет көрсету радиусында 44 елді мекеннің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі үшін 15 өрт сөндіру бекетін құру жоспарланған. 2023 жылғы өрт қауіпті кезеңнің басынан бастап 13 орман өрті тіркелген. «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватына қарасты өрт сөндіру техникасына келетін болсақ қазіргі күні 65 өрт сөндіру көлігі бар.

Қазақ елінің қабырғасы тағы қайысты. Өткен жылғы қаңтар оқиғасынан кейін есін енді жиып, қам-қарекетін жасап жатқан қарға тамырлы қазақты «тілсіз жау» өрт шалып , 14-адам ажал құшты. Дала өрті дана Абайдың елінде болды. «Өрт шыққан кезде құдық қазуға кеш болады» дегендей жергілікті билік орман-тоғайдағы өрттің ырық бермей өршіген кезінде су таппай жоғарғы биліктен көмек сұрап дабыл қақты. Жалаң қолмен жауға шапқандай өрт сөндіруге аттанған орманшылар түтінді түреміз деп өздері өртеніп кетті.

– *Техниканы жаңарту мақсатында республика бюджетінен 1,5 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді. Ол қаражат шілде айынан бастап игеріледі. «Семей орманы» резерватының арнайы қорынан 16 көлік сатып алынады. Оның ішінде 4 көлік «УРАЛ» және 12 «УАЗ» маркалы өрт сөндіру көліктері болады,* – деп есеп берген Мақсат Елемесовтың сөзінен кейін Семей орманын тілсіз жау шарпығанда төтенше жағдайлар департаментінің қам-қарекетінің сылбыр болып шыққаны тайға таңба басқандай көрінді. Мемлекет басшысы өрт болған өңірде жиын өткізіп, танауының астынан міңгірлеген Төтенше жағдайлар департаментінің мамандарына сөгіс жариялады. «*14 адам ажал құшты. Бұл сендерге ойыншық па? Бала жетім ана жесір қалды. Отбасын асыраушылардан айырылды. Төтенше жағдайдың басы-қасында жүруі тиіс облыс әкімі орынбасарын жұмсай салған. Бұл не масқара. Жүйелі жұмыс жоқ екенін көзіммен көріп тұрмын*», – деген Президент Төтенше жағдайларға жауапты министр Юрий Ильинді басшылық қызметінен босатты. Жел екпіні ырық бермеген бұл өртті сөндіру оңайға соқпасы анық. Мұндай алапат өрттер әлемнің барлық елдерінде болып жатады. Тосынан келген табиғат апаты десекте, әу баста бұрқ ете қалған жалынға жоғарғы деңгейде дабыл қақпаған жергілікті билік ауа райының құбылып тұрғанына зер салмағаны Мемлекет басшысын қайран қалдырды. 14 адам бейбіт күнде тілсіз жаудан ажал құшты. Оның ішінде бір отбасының жалғыз баласы болған. Үйленбеген жігіт екен. Қартайған әке-шешесі енді кімге арқа сүйеміз деп зарлағанда сай-сүйегін сырқырайды. Өртте қаза тапқан азаматтардың ата-аналары мен туыстары Қасым-Жомарт Кемелұлына «Төтенше жағдайлар департаментінің техникалық ахуалы жақсы, 65 өрт сөндіру техникасы бар», деген Манарбек Шапағатовтың сөзі мен ісі сәйкес келмейді деп шағымданды. Мемлекет басшысы келеді дегенде күні бүгінге дейін жасалмаған көшені 1-2 күннің ішінде асфальтағынында жасырмай айтып салды. Біздің қоғамда осындай жағдайлардан кейін әділетті Қазақстан қалай құрылады. Жергілікті билік өтірік ақпаратпен Мемлекет басшысының көзін бояйды. Халықтың үніне құлақ түрмейді. Артынан былықтары әшкере болып, Мемлекет басшысының алдында бүлдіріп қойған баладай сүмірейіп тұрғанын көресің. Тіпті Мемлекет басшысы сөгіс жариялап тұрса білдей бір өңір басшысы Нұрлан Ұранхаев «рахмет» деп мойнынан су кетендей басын көтермейді. Жаңа Қазақстандағы әкімдердің сиқы осы болса, кадрға жарыған екенбіз. Семейдегі өртті бүкіл қоғам талқыға салуда. Парламент мәжілісінің депутаттарының айтуынша өртті сөндіруге желдің тоқтамай соғуы кедергі келтіріп тұр. Олар желдің бағытын да анықтай алмай жатқан көрінеді. Бұл сынды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жедел штаб жиынында айтқан болатын. Парламент мәжілісінің депутаттары орманшылардың үстілеріне киетін киімдері де жоқ екенін, алатын жалақыларының мардымсыз 100 мың теңге көлемінде болғанын, техникаларының өзі сонау кеңестік жүйеден қалған ескі екенін айтуда.

Өткен жылы да Қостанай облысындағы орманда алапат өрт болған еді. Өрт Әулиекөл ауданының ауылдарына тараған. Орман өрті үш мың гектар жерді шарпып, тұрғындар эвакуацияланған. Сол кезде министрлік өрт сөндіруге 36 градус ыстық пен жел кері әсерін тигізіп жатқанын айтқанды. Ведомство екі тікұшақ өрт сөндіру үшін 36 тонна су шашқанын, өрт сөндіруге үш өрт сөндіретін пойыз, 32 техника және 235 адам жұмылдырылғанын мәлімдеген болатын. Бұл төтенше жағдайға да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы барған. Жыл сайын төтенше жағдайларға миллиардтаған қаржы бөлініп жатады. Биылғы жылдың ең үлкен мәселесіне айналған Абай облысындағы өрт жайлы барлық ақпарат құралдары жарыса жазуда. Әлеуметтік желіні ақтарсаң Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов пен министрлік қызметінен түсіп қалған Юрий Ильинді жерден алып, жерге салып, осылар жауапқа тартылуы керек деген пікірлерден көзің сүрінеді. Әрине кімнің жазалану керегін әлеуметтік желі шешпейді. Тиісті тергеу орындары анықтайды. Бұл іс тікелей Мемлекет басшысының назарында. Былтырғы Қостанай облысында болған өрттен кейін барлық өңір төтенше жағдайларға дайын болулары керек еді. Жаз айы басталғанда дала өрттері мен жазғы шомылу маусымында адам шығындары болып тұратынын жер-гілікті билік жақсы біледі. Табиғат апаттарына ешкім де кепілдік бере алмайды. Себебі ол қолдан қасақана жасалатын іс емес. Семей өңірінде биылғы жылдың өзінде 13 орман өрті тіркелгені жайлы орман шаруашылығының басшылары айтып өтті. Төтенше жағдай кезінде сылбырлық танытудың кесірінен адам шығыны орын алып, орманды алақаптардың түгесілуіне жол берілген. «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясы Абай облысындағы алапат өрттің жай-жапсары әуелде белгілі болды деген ақпарат берді. Яғни, олар 8-ші маусым күні космо-мониторинг жасап, өрт ошағы мен оның таралуы туралы мәліметті жауапты министрліктерге ұсынған. «Atameken Business» сайтындағы мәліметтерге сүйенсек ашық мәліметті Төтенше жағдайлар департаменті де, экология минстрлігі де қаперлеріне алмаған көрінеді. Абай облысындағы қайғылы оқиғадан кейін Талдықорған орман шаруашылығы басшылары қаладағы орманды аймақтарға кіруге тиым салды. Тиым қанша уақытқа созылатыны белгісіз. Талдықорған қаласындағы орманды аймақ 185 мың гектар жерді қамтиды. Қазіргі таңда орман шаруашылығында 100-ге жуық жұмысшы еңбек етуде. Абай облысындағы қайғылы оқиғадан кейін Жетісудағы орман мекемелерінің барлық қызметкерлері күшейтілген режимге көшкен. Бұл туралы Талдықорған орман шаруашылығы КММ директорының орынбасары хабарлады. Сондай-ақ, Алматы тауларында от жаққандарға айыппұл салынғаны жайлы хабар да бар. Меніңше бұл өте дұрыс шешім. Себебі өрт ұшқыны осындайлардың кесірінен шығуы әбден мүмкін. Төтенше жағдайлар министрі мен экологияға жауапты министрлік және жергілікті билік өкілдері түрлі жарылыстар мен апаттардан және болып жатқан орман өрттерінен сабақ алулары тиіс еді. Алайда, Қостанайдағы орман өртінің бір ұшқыны биыл жаңа құрылған Абай облысында қайталанды. Өкінішке орай адам шығынына жол берілді. Әу баста жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыра алмаған облыс әкімі мен Төтенше жағдайлар департаменті бұл оқиғаға тікелей жауапты. Енді төтенше жағдайлар министрі лауазымына тағайындалған Сырым Дүйсенғазы-ұлы Шәріпханов кем-кетіктердің орнын толтыра ала ма? Абайдағы тозығы жеткен техникалар мен өрт сөндірушілердің әлеуметтік мәселесін қалай шешетінін уақыт көрсетеді. Өрттен сабақ алмай салақтық танытса аяғы неге апарып соғатынын жаңа министр пайымдайтын шығар...

Айтақын МҰХАМАДИ
Сурет ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 19 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз махаббат
12.00 «Өмір көркем»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Апта
15.10 Дара
17.15 Су перісі
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 Футбол
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
09.50 Мужское/женское
10.20 После зимы
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-14
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Арман, когда ангелы спят
11.10 Верить ии ждать
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Арман, когда ангелы спят (повтор)
03.10 Сүйген жүрек
04.00Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 «Экорейд»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Дәрігер кеңесі»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
13.10 Спайдерфик хроники
14.50 Спасатели Малибу
17.35 Такси
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Дикий
02.00 «Анупама»
02.40 Сиситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Нити судьбы»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Қанатсыз құстар
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 20 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз махаббат
12.00 «Өмір көркем»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Қызық екен
15.00 Апта
15.50 Дара
17.15 Су перісі
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 Футбол
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
09.50 Мужское/женское
10.20 После зимы
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-14
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Арман, когда ангелы спят
11.10 Верить ии ждать
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Арман, когда ангелы спят (повтор)
03.10 Сүйген жүрек

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Дәрігер кеңесі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Кең ауқымда»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Алаш таңы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
13.10 Спайдерфик хроники
14.50 Спасатели Малибу
17.35 Такси
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Дикий
02.00 «Анупама»
02.40 Сиситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Нити судьбы»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Қанатсыз құстар
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 21 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз махаббат
12.00 «Өмір көркем»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Қызық екен
15.00 Апта
15.50 Дара
17.15 Су перісі
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 Футбол
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
09.50 Мужское/женское
10.20 После зимы
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-14
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Арман, когда ангелы спят
11.10 Верить ии ждать
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Арман, когда ангелы спят (повтор)
03.10 Сүйген жүрек

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Алаш таңы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Кең ауқымда»
Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осы іс-әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды.

Аталмыш бапты қолдану жөніндегі дұрыс және бірдей сот практикасын қамтамасыз ету мақсатындағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 нормативтік қаулысына сәйкес ҚК-нің 6-бабында белгіленген қылмыстық заңның кері күші Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағы 5) тармақшасының, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-III Заңымен ратификацияланған, Қазақстан Республикасы үшін 2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енген) 15-бабының талаптарына негізделген.

Осыған орай, сот үкімді орындауға байланысты мәселелерді қараған кезде адамның іс-әрекетінінің сараланУын және қылмыстық заңның бабына сәйкес ауырлығы аз қылмыстық құқық бұзушылыққа өзгерту және жазаны осы баптың санкциясының шегінде азайту, қосымша жаза қолданбау арқылы қылмыстық заңның кері күшін қолдануға құқылы. Бұл ретте сот үкімін дәлелдемелерді, қылмыстық процестегі азаматтық талап қою және ҚПК-нің 476-бабында көзделмеген басқа да мәселелерді шешуді бағалау бөлігінде қайта қарауға құқылы емес. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланУын жоятын немесе іс-әрекетті қылмыстықтан арылтатын заң қабылданған жағдайда, сот ҚК-нің 6-бабын қолданып, азаматтық талап қою туралы мәселені ҚПК-нің 170-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен шешуге тиіс.

ҚК-нің 58-бабының екінші және төртінші бөліктерінде онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша, сондай-ақ, егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы өзіне ең болмағанда бір аса ауыр қылмысты және жасағаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылықты қамтыса, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы ғана түпкілікті жазаны тағайындау көзделеді.

Адам заң қолданысқа енгізілгенге дейін ауыр және аса ауыр санатқа жатқызылған және оған жаза қылмыстардың жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған кезде сот үкімді орындау тәртібімен, егер бұл іс-әрекет заңда қылмыстық теріс қылықтарға, сондай-ақ онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар санатына жатқызылса, қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру қағидасын қолданады.

Жаңа, неғұрлым жеңіл қылмыстық заңның кері күші туралы қағида сотталған адамның және жазасын өтеп жатқан немесе жазасын өтеп келген, бірақ күші жойылған неғұрлым қатаң заң бойынша сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ - ӘРКЕЗ НАЗАРДА

Гендерлік саясат стратегиясынан отбасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділік, яғни гармония жоғалмайды. Осыдай күрделі заманда қазақ қыздары өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, табиғи нәзіктіктерін, ибалылықтарын сақтай отырып, адами іс-әрекеттерінің барлық түрлеріне араласып жетістікке жетіп келе жатқаны даусыз. Елімізге, қазақ әйелдерінің құқықтарын қорғайтын мынадай құжаттар бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы жыныс белгісі бойынша дискриминацияға тиым салады. Қазақстан 1981 жылы ЮНЕСКО-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларына жол бермеу жайлы конвенциясына» қол қойды, ал 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты дикриминацияның барлық формаларын тоқтату жайлы конвенциясына қосылған болатын. Осы орайда, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Қазақстан Республикасының қабылдаған Заңында да айқын көрініс тапқан. Онда ерлер мен әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіруді тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қабылдау және іске асыруды қамсыздандыру мақсаттары белгіленген. Заңда белгіленген осы мақсаттар мен міндеттерді нақтылы іске асыру, біздің алға қойған міндеттерге аяқ басқандай және оларға қол жеткізгендей, механизмдер мен басты құралдарды іздеуге бағыт береді.

Дәл қазіргідей ашық қоғамда заман талабына сәйкес қоғамдағы ер азаматтар мен арулар әлемі гендерлік саяси көзқараспен қарасақ, теңескендей. Әйтсе де, орын алып келе жатқан өзекті мәселе де бар екені құпия емес. Бұл отбасылық-тұрмыстық зорлық зомбылық болып табылады.

Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың кері әсерінің мәні, бірінші кезекте, құқықбұзушыларда барлығына рұқсат етілгендік, жазасыздық сезімінің қалыптасуы, заңды, сонымен қатар, жалпы қабылданған адамгершілік нормаларын елемеуі. Бірақ кез-келген отбасылық қақтығыстың ең қауіпті қорытындысы оның балаларға келтірілетін кері әсері болып табылады. Отбасындағы берекесіздік жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларының ығысуының басты себебі болып табылады, ата-аналардың тұрақты даулары, қол жұмсаулары кәмелеттік жасқа толмаған бала мінезінде қатыгездік пен кектенуді қалыптастырады және олардың ары қарай заңға қайшы мінез-құлыққа тартылуының қоректендіруші ортасына айналады. Осы жағын мықтап ойлау керек. Орайы келгенде, отбасына ойран салып, жұбайы мен балаларын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, бір шыбықпен шырқыратып қуып жүруге әдеттенген сотқарларға қарсы қолданылатын заң талабы да қатаңдатылатын да айта кеткен абзал.

Әйелдер ақыл-парасаты жағынан да, білімі, кәсіби шеберлігі мен қабілеті жағынан да ер адамдардан еш қалыспайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Бұған бүгінгі таңдағы қыз-келіншектердің еңбектегі және интелектуалдық потенциалының үлес салмағы арқылы айқын көз жеткізуге болады.

Бахытгүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық соты әкімшісінің басшысы.

● МЕДИАЦИЯ

ТИІМДІЛІГІ ІС ЖҮЗІНДЕ ТОЛЫҒЫМЕН РАСТАЛУДА

ЖАЛПЫ, БІЗДІҢ ХАЛЫҚ ДАУ, СОТ ДЕГЕН ДҮНИЕЛЕРДЕН АЛШАҚ ЖҮРГІСІ КЕЛЕДІ ҒОЙ. ҚАЗАҚ БАСЫН ДАУҒА ҚАЛДЫРМАУҒА ТЫРЫСҚАН. ДЕГЕНМЕН, ӨМІР БОЛҒАН СОҢ ҚОҒАМДА АЗАМАТТАРДЫҢ АРАСЫНДА САН ТҮРЛІ КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕР, ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТУЫНДАМАЙ ТҰРМАЙТЫНЫ АҚИҚАТ. МІНЕ, СОНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ МЕДИАТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНУ ӨТЕ ТИІМДІ. ӨЙТКЕНІ МЕДИАЦИЯ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ӘЛЕМДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТОЛЫҚ АҚТАҒАН ПРОЦЕСС. СОНДЫҚТАН ДА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР АЗАМАТТЫҚ КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕР ТУЫНДАЙ ҚАЛҒАН ЖАҒДАЙДА КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНГЕНІ АБЗАЛ.

Дауласушы тараптарды татуластыру, оларды бітімге келтіру ертедегі қазақтың дала демократиясында қалыптасқан билер институтының өркениеттік үлгісі ретінде қайта оралуда. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» Заңы қоғамда орын алып отырған дауларды сотқа жеткізбей шешіп, тараптарды татуластыруды көздеп отыр. Бұл әрбір тұлға үшін тиімді болады. Белгілі уақыт ішінде өз шешімін табатыны сөзсіз. Ал егер қоғамдық қатынастарда белгілі бір даулар туындап жатса оны ресми соттың алдына бармайақ ел ағаларына, қоғамдағы беделді ақсақалдардың алдына барып шешіп алатын болған. Сайып келгенде, қоғамымыздағы қатардағы жұртқа қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ бұл атабабамыздың салтында, дәстүрінде болған институт. Сол себепті бүгінгі таңда дауласушы тараптарды сотқа дейін бітімгершілікке келтіру жолында пәрменді шаралар қабылдану үстінде.

Осының жарқын мысалы ретінде мына бір мысалды да келтіре кетуге болады. Мәселен, қазіргі кезде соттың қай сатысында болмасын істі қарауға көшердің алдында тараптарға «дауды бітімгершілік жолмен шешуге мүмкіндік бар ма, қажет болса уақыт берейік пе?» деген сауалды міндетті түрде қойып және де дауды медиациялық жолмен шешудің артықшылықтарын міндетті түрде түсіндіріп өтеді. Сондай сәтте, бітімгершілік туралы мәселенің мәнісіне тереңірек үңілген тараптар медиациялық тәсілді таңдап, мәмілеге келіп жатқан жайларды да жиі кездестіріп келеміз.

Атап айта кететін болсақ, медиацияның ерекшелігі екі тараптың да тең құқылылығының сақталуында. Сонымен қатар, тағы бір ерекшелік медиаторлардың тәуелсіздігі мен бейтараптығы. Медиаторлардың мақсаты – екі тарап арасындағы белгілі бір даулы мәселені сотқа дейін шешу. Егер дау өте күрделі болса, сотқа дейін оның күрделілігін төмендету. Заңның басты мақсаты – екі жақтың құқын тең сақтап, мүдделерін қорғап алуларына жағдай жасау. Тағы бір мәселе, егер екі тарап медиацияның көмегіне жүгінеміз деп тұрса оған ешқандай орган араласа алмайды. Одан кейінгі тағы бір қағидаты – құпиялылығы. Жасыратыны жоқ, соттың шешіміне байланысты қоғамдық пікір туып жатады ғой. Келіспеушілік, наразылық білдіреді соңында. Ал медиация заңына жүгінгенде ол жерде бәрі құпия күйінде шешіледі. Яғни, медиация заңы арқылы түйінді тарқатамын деушілер үшін бұның оң ықпалы, пайдасы мол деп айтар едім.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, медиация заңы біздің болмысымызға сәйкес азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше екі жақтың да ақ батасын алатындай дәрежеде жұмыс жасай алады. Медиация рәсімдерінің азаматтар арасында туындаған дауларды шешу барысында өзектілігі мен тиімділігі іс жүзінде толығымен расталды. Бүгінгі күнде көптеген азамат туындаған дау-жанжалдарды медиация тәртібімен реттеп, оның тиімділігін көруде.

Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Марлен - А" ЖШС жұртшылықты 2023 жылғы 27 маусымнан 5 шілдеге дейін Талдықорған қаласында, Жетісу облысында "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі, "Марлен - А" ЖШС бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Бастамашысы "Марлен - А" ЖШС, Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі, 167, БИН 010240003736, тел 87472862574, e-mail: amirov_museke@mail.ru. әзірлеуші "Экология" ҒӨО ЖШС, Талдықорған, Шевченко,140/13, БИН 990740003013 тел. 87282 41-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru.

Жобаның материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz. Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы, тел. 8(7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru., Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26. ЖАО сайтына сілтеме https//www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tadigat?lang=kz. ескерту мен ұсыныстар ecoportal.kz. сайтында "жарияланған тыңдаулар" айдарында және 7su_expertiza@mail.ru. қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Марлен - А» информирует общественность о проведение публичных обсуждений с 27 июня по 5 июля 2023г, по разделу «Охрана окружающей среды», ТОО «Марлен - А» в г. Талдыкорган, области Жетысу. ИнициаторТОО «Марлен - А» г. Талдыкорган, ул. Алдабергенова, 167, БИН010240003736, тел 87472862574, e-mail: amirov_museke@mail.ru. Разработчик ТОО НПЦ «Экология», Талдыкорган, Шевченко, 140/13, БИН990740003013 тел. 8728241-39-42. e-mail: ekolnpz@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов области Жетысу,Тел.8(7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https//www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tadigat?lang=ru. Замечание и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике "Опубликованные слушания" и 7su_expertiza@mail.ru

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰЛҒА

«ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН ЖАМПОЗЫМ»

16-маусым Жетісу облысының төл перзенті ақын Қайрат Әлімбектің 60-жылдығына орай, Талдықорған қаласында «Жырға айналған жампозым» атты еске алу кеші өтеді. Әдеби кештің аясында ақынның «Жоқ іздеген жігіт» атты кітабының тұсауы кесіліп, ас беріледі. Оған Жазушылар Одағы бастаған қаламгерлер мен бірге оқыған курстастары және туған-туыс, жора-жолдастары ат салыспақ. Қайрат ақынның рухын асқақтату мақсатында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев осы ігі шараның жүзеге асуына мұрындық болып отыр. Кеште Қайрат Әлімбектің өлеңдері оқылып, әндері шырқалады.

Кеше ғана Жетісу облысының құрылғанына бір жыл толды. Мен өзім Қазақстан Жазушылар одағының осы өңірдегі филиалының жауапты өкілі болғандықтан ақын-жазушыларды, одақ мүшелерін аймақ бойынша бөліп, олардың тізімін реттеп отырып Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері Қайрат Әлімбектің өмірбаянына тоқталдым. Сөйтсем небәрі 43 жасында өмірден кеткен ақынның туғанына биыл 60 жыл толады екен. Қайрат ақын жайлы көзін көрген ағалардан ара тұра естіп қалғаным болмаса аса біле бермейді екенмін. Ақынның өлеңдеріне үңіліп, шығармашылығына зерттеу жасауға бел будым. Содан көктем айында Жетісу Халық шығармашылығының директоры Арнұр Садықовқа ақынды еске алу мақсатында бір поэзия сағатын ұйымдастырсақ деген ұсынысымды айттым. Маған Арнұр Сыдықов пен қатар Айгүл Тасболатқызы, Асқар Қалиұлы да қолдау көрсетіп, кешті ұйымдастыруға кірісіп кеттім. Өзім құрмет тұтқан жетісулық ақын ағаларыма қоңырау шалып, Қайрат ақын жайлы тың деректер мен жарияланбаған өлеңдерін іздестіре бастадым. Сөйтіп Ескелді ауданында тұратын Қайрат Әлімбектің туған бауыры Жұмағұл аға мен ақынның туған қарындасы Нұргүлдің телефон нөмірлерін таныстырып, жетісулық зиялы қауымның басын қосып, БАҚ өкілдерін шақырып өзімнің модераторлығыммен «О,поэзия! Кел бері, сырласалық!» тақырыбында шағын шарамызды өткізіп жібердік. Ол шағын әдеби сазды кешімізге Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әміре Әрін бастаған зиялы қауым өкілдері мен ақынның ағасы Жұмағұл Әлімбеков және жетісулық жас ақындар қатысып, өлеңдерін оқып, естеліктерін айтты. Осындай тамаша кештен кейінгі әлеуметтік желі мен «Жетісу» телеарнасының «Таңжарық» бағдарламасы және «Алатау» газетінің тілшілері жазған мақалалар мен посттар арқылы біраз әдебиет сүйер қауым хабардар болып, тіпті Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары қазақтың көрнекті ақыны Бауыржан Жақып, сондай-ақ Жетісу облысының әкімшілігінен маған арнайы хабарласып, ризашылықтарын білдіріп, ескерілмей жатқан қаламгердің есімін жаңғыртуымызға қолдау көрсетіп, алдағы уақытта үлкен еске алу кешін өткіземіз деген жақсы жаңалықтарын айтып, бізді қуантқан еді. Бүгінгі таңда сол поэзиялық сағатымыздағы Қайрат Әлімбектің кітабын шығару туралы ұсынысымыз ескеріліп, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ақынның «Жоқ іздеген жігіт» атты кітабын шығарып берді, және маусым айының 16 жұлдызында ақынның туған күніне орай «Жырға айналған жампозым» тақырыбында Б.Римова театрының сахнасында үлкен шығармашылық кешін өткізіп беру туралы және М.Тынышбаев атындағы мұражайдан арнайы бұрыш ашылатыны жайлы да жайдарлы жаңалығын жеткізді. Сонымен қатар Қайрат Әлімбектің өмірі мен шығармашылығы хақында «Жетісу» телеарнасы деректі фильм түсіріп жатқанынан хабардар болдық. Қазақ халқы «Әкімі ақынын іздеген ел бақытты» деп осындайдан айтқан екен ғой деген ойға қалып, ақынын ардақтап, әдебиетке жанашырлық танытқан облыс басшысына деген ризашылық сезіммен ертең өткелі жатқан үлкен әдеби кештің қызу дайындығының үстінде жүрміз...

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалының директоры.

СОҢҒЫ ҚОЛТАҢБА

Бекен НҰРАХМЕТОВ, курстас досы, жазушы: – *Бүгін жеке кітапханамды ақтарып отырып, белгілі ақын Қайрат Әлімбектің «Махаббатстан» атты жыр жинағы қолыма түсті. Кітапты парақтап отырып, көз алдыма өткен күндер елес берді. Себебі, аталмыш кітабы жарыққа шыққан кезде мені арнайы іздеп келіп, қуанышымен бөлісіп, қолтаңбасымен өзі табыстап еді. Әсіресе, қолтаңбадағы мына сөзі жүрегіме өте жылы тиеді. Онда былай деп жазыпты: Бекен – Мәрия!*

Махаббат – киелі де аяулы ұғым,
Иыққа түсіретін баяу жүгін.
Сендердің шаңыраққа қонған бақтың,
Тілеймін қашандағы баяндығын.
Құрметпен, автор ҚӘ.

Қайран періште пейілді досым-ай! Достарыңның бақытын тілеп, өзің бақилық мекеніне кете бардың. Құдай қаласа 16 маусым күні Жетісу облысын басқарып отырған Бейбіт Исабаев досыңның ұйымдастыруымен Талдықорған қаласында сенің 60 жылдық мерейтойың аталып өтпекші. Сенің ғұмырнамалық істерің мен артта қалдырған мұраларың туралы музейден бұрыш ашылып, сен туралы кино түсірілді және «Жоқ іздеген жігіт» атты жыр жинағың жарыққа шықты. Осылайша, өзің жоқ болсаң да, артыңда қалған елің мен достарың сені ұмытқан жоқ. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Пәтер іздей барғанда...

Әперердей ғайыптан әкеміз кеп,
Біздер тұрмыз пәтерге жетеміз деп...
Міне ғажап! Сұлуды құдай көрсек,
Олар да жүр екен-ау пәтер іздеп!..

Пәтерді бір ұстатпас сағым қылып,
Сағым қылып, сенделтіп, сабылдырып.
Алақанда ұстайтын Аруларды,
Қор етті ғой біреулер жалындырып.

Нән қалада көрсетіп жатақ тарлық,
Мүмкіндігін қойыпты-ау матап барлық.
Айрылады екен ғой сұлулықтан,
Сұлулардан кетсе егер тәкаппарлық!..

***

Ол да кетті...
Кешікпей сен де кеттің,
Бәсең тарта бастады мендегі екпін.
Жүрегіме түскен сол қос жараны,
Қайтіп қана енді мен емдемекпін?

Кеудедегі Арбастау – ақ тұмадан,
Жанартаудай барады атқылап ән.
Оның бөлек кеткені ештеңе емес,
Сенің бөлек кеткенің батты маған.

Жан жарасы сыздады,
Сан асқынды.
Мұң моншағын кірпігім қамастырды.
Қараңғыдан жақсылық іздеуші едік,
Қараңғы түн қалайша адастырды?!

Төлеген мен Мұхтарға еліктеп тік,
Бірімізді біріміз сенікті еттік.
Сөйтіп жүріп, дүние-ай, сол Сенімді,
Аппақ қарға арулап көміп кеттік!

Қайырылғандай болдым ғой қанатымнан
Кім кінәлі біздерді қабат ұрған...
Тасқа да ұрам басымды,
Тауға да ұрам,
Адам неге жалғыз боп
Жаратылған?

Кеткен жоқсың сен бірақ,
Жүректесің.
Дара тіліп жүрсің де түнек кешін,
Өзің болсаң ең мықты тілеулесім,
Мен боламын ең мықты тілектесің!

Білеміз бе, біз оны білеміз бе?
Қиын екен айналу бір егізге...
Біріміздің бағымыз биіктесе,
Енді сырттай қуанып жүреміз де...

Жауынды ай

Аспан-жерлес күн құрғатпай жылайды,
Бұл мінезің маған мүлде ұнайды.
Менің-дағы жер боп қалған жанымды,
Ара-тұра түсінетін сыңайлы.

Жылайды аспан, қу жаным да жылайды,
Өйткені біз ұмыттық қой Құдайды.
Менің жаным көкке шығып жұлдыз боп,
Көктен және жұлдыз құсап құлайды.

Жылайды аспан, біз де қоса жылаймыз,
Өйткені біз ертең олай-бұлаймыз.
Қадіріңді ұқпайтұғын қаймана,
Қазақты бұл қай бетпенен сынаймыз?

Басылмаған бір ай бойы жауынды-ай,
Қашан мына бізге туар жағымды Ай.
Қаращық – Жер, ал көз жасы – топан су,
Отыр содан басқа теңеу табылмай,
...жылайды аспан...

Көзілдірікті құрбыма

Көрмек болып анықтап тамашаны,
Көзілдірік тағыпсың, жарасады!
Қара көзің ерекше мөлдірейді –
Анық бәрі, ап-анық болашағы.

Құтты болсын! Көре біл, жаным бәрін,
Адаспауға тиіссің – жолың мәлім.
Көрінбесті көруге міндеттісің,
Өміріңнің аралап қалың бағын.

Қандай жақсы – қуанып, шаттанасың,
Жарылуға шаттықтан шақ қаласың.
Қандай жақсы – бәрін де анық көріп,
Қандай жақсы – айырған ақ-қарасын.

Келтірмесін жаныңа сөзім күдік,
Кейде білмен өзімді өзім біліп.
Айналамды анықтап алатұғын,
Керек боп жүр көңіліме көзілдірік.

Қайрат ӘЛІМБЕК

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РАБОЧЕЕ СОВЕЩАНИЕ

ВЫСОКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПИЛОТНОГО ПРОЕКТА

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, БЕСПРЕПЯТСТВЕННЫЙ ПРОПУСК ТУРИСТИЧЕСКИХ АВТОБУСОВ ПОКАЗАЛ СВОЮ ЭФФЕКТИВНОСТЬ. ЭТО БЫЛО ОТМЕЧЕНО, ПРИ ОБСУЖДЕНИИ ВОПРОСА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ВНЕОЧЕРЕДНОГО ПРОПУСКА ТУРИСТСКИХ АВТОБУСОВ ЧЕРЕЗ ПУНКТЫ ПРОПУСКА НА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ГРАНИЦЕ МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКОЙ НА РАБОЧЕМ СОВЕЩАНИИ ПО ТУРИЗМУ НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Заместитель директора департамента туризма НПП «Атамекен» Елена Михнова отметила, что в прошлом году данный вопрос был урегулирован в пилотном режиме при содействии Пограничной службы Республики Казахстан и активном участии НПП.

«В рабочем порядке были созданы чаты с участием туроператоров РК, которые отправляли казахстанские туристские группы на Иссык-Куль. В чатах туроператоры направляли информацию о сформированных туристских группах, с поименным списком туристов, номерами автобусов и времени прибытия на КПП», – сказала Елена Михнова.

Туроператоры отмечают высокую эффективность пилотного проекта и выражают благодарность за содействие в его реализации.

«21 июня 2022 года состоялась поездка группы туроператоров из Алматы, приняли участие представители «Казахтуризма» и РПП. Тогда мы детально обсудили этот пилотный проект. В «пилоте» участвовали пять компаний из города Алматы. Технически это было организовано достаточно современно: был создан чат и туристские компании скидывали в него информацию о маршруте, об автобусах. Мы оговаривали контакты, давали количество туристов и обозначали примерное время прибытия на КПП. Там уже встречали пограничники и была предоставлена возможность приоритетного прохождения КПП», – рассказала президент Казахстанской туристкой ассоциации Рашида Шайкенова.

Спикер отметила, что за прошлый сезон, с 21 июня по 19 сентября, из Алматы в Иссык-Куль был осуществлен 371 рейс. А уже с Иссык-Куля до Алматы - более 400 рейсов.

«Мы высоко оцениваем качество работы пилотного проекта. Такой проект реализуется впервые в истории нашего туризма. Была хорошая поддержка со стороны госорганов, работа организована очень хорошо. Получено много положительных отзывов со стороны наших туристов, которые любят посещать Иссык-Куль и проводят там с детьми летний отпуск и каникулы. Очень четко работали сотрудники КПП. У всех хорошие впечатления от их профессиональной работы», – добавила Рашида Шайкенова.

Так, на пропускных пунктах между РК и КР время прохождения пограничного контроля сократилось в 5 раз, более 15 тыс. туристов пересекли границу в ускоренном порядке вне очереди. Причем, имеются ввиду только организованные туристские группы.

«По оценкам местных и международных экспертов, 2022 год был годом первых шагов по восстановлению туризма после пандемии. И поэтому мы ожидаем, что 2023 год будет лучше: когда туризм будет возвращаться к доковидным показателям и доковидному желанию людей путешествовать», – подчеркнула Рашида Шайкенова.

Участники рынка надеются на положительную тенденцию и ожидают увеличение потока туристов.

«Количество иностранных туристов у нас растет. Итоги прошлого года показывают, что количество иностранных туристов увеличилось в три раза. Сейчас видим положительную динамику: по итогам первого квартала количество туристов выросло в два раза. В прошлом году у нас был организован пропуск туравтобусов с Кыргызстаном и Россией в пилотном режиме. Благодаря пилоту время прохождения пограничного контроля между Казахстаном и Кыргызстаном уменьшилось в пять раз», – сказал заместитель председателя Комитета индустрии туризма Нуртас Карибаев.

О том, что нужно предпринять, чтобы сохранить этот механизм рассказал заместитель начальника управления Департамента пограничного контроля

Мундаш Муллашев.

«В прошлом году весь этот путь туризма, начиная с города Алматы и заканчивая Иссык-Кулем, прошли все. Результаты хорошие. В прошлом году из Алматы до Иссык-Куля было отправлено более 15 тысяч пассажиров, обратно - еще больше. Для первого захода после пандемии неплохо. Туроператоры организовывали, пограничная служба отрабатывала. Я считаю, что прошлогодние цели были достигнуты. Мы с позиции пограничной службы готовы также организовать внеочередной пропуск для организованных туристических групп по предварительной информации, которая будет дублироваться в чате», – подчеркнул Мундаш Муллашев.

Он добавил, что есть требование пограничных служб: нужно заблаговременно предоставлять информацию о прибытии автобусов, чтобы разрыв между туристическими автобусами был минимум один час.

«Когда один автобус пропускаем, то второй автобус уже должен подъезжать. Чтобы не было ситуации, когда в одно время подъезжают три автобуса сразу. Это тоже очень важно, потому что определённые процедуры государственного контроля должны быть соблюдены. Мы готовы», – пояснил Мундаш Муллашев.

Участники рынка считают необходимым перевести данный проект на постоянную основу, учитывая возрастающий спрос на приграничные туры.

«Для реализации данной инициативы на постоянной основе, прежде всего, необходимо внесение соответствующих изменений в законодательство (в настоящее время отсутствует законодательная основа для внеочередного пропуска туристских автобусов). Кроме того, необходима выработка единых подходов и условий для всех туроператоров, продающих подобные туры», – резюмировала Елена Михнова.

Вопросы развития туризма на постоянной основе также обсуждаются на Совете туризма при региональной палаты предпринимателей.

Ш. ХАМИТОВ.

ПЕРЕДОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВОСУДИЯ

Широкое внедрение передовых ИТ-технологий, интеграция информационных систем серьезно повышает мобильность и прозрачность правосудия и в тоже время сужает коррупциогенность судопроизводства. В этой связи, используются инновационные технологии и передовой менеджмент, в целях создания максимально благоприятных условий для эффективной работы судебной системы Казахстана.

Этому яркое свидетельствует широко применяемое в настоящее время электронное правосудие. Электронное правосудие в Республики Казахстан составляет целый ряд составляющих. Это и полюбившийся казахстанцам сервис «Судебный кабинет», и форум «Талдау», который формируется на основе Единого классификатора категорий дел и материалов, это и новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», единая система судов Республики Казахстан, это и система видеконференцсвязи между судами республики.

В целом, вопрос разработки концепции электронного судопроизводства приобрела особую актуальность в Казахстане в связи с реализацией Стратегии-2050, направленной на дальнейшее продвижение судебной реформы в Республике Казахстан, предусматривающей формирование самостоятельной и независимой судебной власти как одной из ветвей государственной власти в Республике Казахстан.

Благодаря проведенной организационной работы, в данное время все суды в Казахстане вооружились новейшими технологиями. Благодаря этому иски можно подавать не на бумаге, а в электронной форме. Сегодня в Казахстане более 50% гражданских исков подается электронным способом - через Интернет. Это снижает нагрузку на судейский аппарат и повышает прозрачность работы судов. Через веб-сайт Верховного суда доступны сведения не только о ходе рассмотрения дел - граждане могут получить электронные копии судебных актов, подавать иски, жалобы и другие обращения. Это повышает доверие общественности к нашей работе.

Напоминаем, что виртуальные заявления отправляются через сайт электронного правительства. Истцы регистрируются в системе, создают личный кабинет на сайте e-gov.kz. Затем пользователь вводит необходимую информацию о себе, выбирает необходимый ему раздел, загружает файлы и отправляет их в суд. Немаловажным является наличие в сервисе виртуальных услуг - sms-оповещение участников процессов, видео-конференц-связь, а также аудиопротоколирование хода судебного заседания и электронное архивирование документов. На сегодняшний день плюсы электронного правосудия для всех наиболее очевидны. Поэтому можно сказать, электронное правосудие полностью оправдывает свою эффективность.

Елдар ҚАЗБЕК,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НЫСАНА КӨЗДЕУ

МЕРГЕНДЕРДІҢ МҮМКІНДІГІ ҚАНДАЙ?

Олимпия ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлерінің тарихына көз жүгіртер болсақ, көп спорт түрі Олимпиаданың ажырамас бөлігіне айналғанын байқаймыз. Солардың бірі – нысана көздеу спорты. 1896 жылы алғаш рет Афинада ұйымдастырылған Жазғы Олимпия ойындарының бағдарламасына енген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін нысана көздеу спортынан жүлделер сарапқа салынып келеді. Тек 1904 және 1928 жылдардағы ойындарды есепке алмағанда.

Афинадағы алғашқы аламанда нысана көздеушілер бес бағдарлама бойынша сынға түссе, келесі жылы Парижде өтетін додада ерлер мен әйелдер тапанша, мылтық және стенд атуды қосқанда 15 бағдарлама бойынша кім мықтыны анықтайды. 1968 жылғы Мехикодағы жазғы Олим-пия ойындарына дейін нысана көздеу жарыстарына тек ер спортшылар қатысып келген болса, 1968 жылдан бастап әйел спортшылар да бақ сынай бастады.

Парижге 340 мерген барады

Париж Олимпиадасының бағдарламасына байланысты Елисей алабындағы бәсекелерде 340 спортшы (170 еркек, 170 әйел) өнер көрсетеді. Ал осыдан екі жыл бұрын ұйымдастырылған Токио Олимпиадасына 360 спортшы қатысқан болатын.

Өзге спорт түрлеріне қарағанда нысана көздеуде Олимпиада жолдамалары жекелеген спортшыға емес, елдерге беріледі. Сонымен қатар спортшылар Олимпиадаға қатысу үшін Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) мынадай талаптарына сай келуі керек.

Ең алдымен, барлық спортшы Олимпиада жарғысын және басқа да өзекті ережелерді сақтауға тиіс. Сонымен қатар нысана көздеушілер олимпиадалық рейтингке қосылып, Олимпиадаға қатысуды жоспарлап отырған жарысы бойынша кем дегенде бір ұпай жинауы және Халықаралық нысана көздеу федерациясының (ISSF) қолдауымен өткен кем дегенде екі іріктеу жарысына қатысуы керек. Ал нысана көздеу спортынан іріктеу жарыстары 2022 жылдың 14 тамызында басталып, 2024 жылдың 9 маусымында мәресіне жетеді. Осы уақыт аралығында спортшылар әлем чемпионаттары, халықаралық жарыстар, құрлық біріншіліктеріне қатысып, ұпай жинайды.

Жолдамалар қалай бөлінеді?

Бұған дейін жазғанымыздай, Франция Олимпия ойындарын қабылдаушы мемлекет болған соң «үш жолақты» елдің спортшылары өз еліндегі бәсекелерге іріктеусіз қатысады. Яғни қазірдің өзінде франциялық спорт-шылардың еншісінде 12 жолдама бар. Олар әр жекелеген бағдарлама бойынша екі адамнан (ер және әйел) қатыса алады. Дегенмен бұл – әзірге тек қағаз жүзіндегі ғана жолдама. Іріктеу кезеңдері аяқталған соң ХОК Франция спортшыларының жоғарыдағы талаптарға сай келетін тексергеннен кейін ғана Олимпиадаға қатысуға рұқсат береді. Егер талаптарға сәйкес келмесе, жолдама өзге елдің спортшыларына бұйырады.

Сонымен қатар тағы 16 жолдама (әр жынысқа 8 жолдамадан) іріктеу кезеңі аяқталғаннан кейін үшжақты комиссияның шешімімен ең үздік нәтиже көрсеткен Ұлттық Олимпиада комитеттеріне (ҰОК) бөліп беріледі.

Ал қалған 312 жолдама (әйелдер мен ерлердің әрқайсысына 156 жолдамадан) жоғарыда айтқандай 2022 жылдың 14 тамызы мен 2024 жылдың 9 маусымы аралығындағы іріктеу сайыстарына қатысқан спортшыларға таратылады. Әр ҰОК ең көп дегенде 24 жолдама (әйелдер мен ерлердің әрқайсысына 12 жолдамадан) иелік ете алады.

Нысана көздеудің әр бағдарламасы бойынша (олар: пневматикалық мылтықпен оқ ату (10 метр, әйелдер, ерлер, аралас команда), мылтықпен үш қалыптан ату (50 метр, әйелдер, ерлер), пневматикалық тапанша (10 метр, әйелдер, ерлер, аралас команда), тапанша (25 метр, әйелдер), тез ататын тапанша (25 метр, ерлер), трап (әйелдер және ерлер) және стенд ату (әйелдер, ерлер, аралас команда) әр ҰОК ең көп дегенде екі спортшы, ал командалық сайыста екі команда қатыстыра алады.

Жекелей сайыстар іріктеу кезеңі мен финалдан тұрады. Финалда ең жоғары орынға ие болған спортшылар өздерінің Ұлттық Олимпиада комитетіне бір жолдама алып береді. Егер ISSF аясындағы іріктеу жарыстарына жолдамаға қол жеткізіп қойған спортшы қатысып, жоғары орындарға ие болса, онда Олимпиада квотасы кейінгі орында тұрған спортшының еліне беріледі. Сондай-ақ ҰОК сол бағдарлама бойынша мүмкін болған барлық жолдаманы алып қойған болса, квотаны келесі орындағы спортшының ҰОК-і иеленеді.

Спортшылардың қорытынды рейтингі 2024 жылдың 9 маусымында жарияланатынын жоғарыда айттық. Егер спортшы рейтингте жоғары орында тұрып, бірақ жолдама иелене алмаған болса, ХОК әр елдің жолдамаларын қарап шығып, әр бағдарлама бойынша толық олимпиадалық жолдаманы иеленбеген елдің өкілдеріне береді. Мысалы, пневматикалық мылтықпен оқ ату бағдарламасында еліміздің бір спортшысы рейтингте жоғары орында тұрып, бірақ сол бағдарламада біздің құрамада бір ғана жолдама болса, жоғарыда ереже бойынша автоматты түрде екінші квота ретінде Қазақстанға тағы бір жолдама беріледі.

Ал аралас командалық сайыстарға тек іріктеу бәсекелерінде өнер көрсетіп, ұпай жинаған спортшылар ғана қатыса алады.

ДЗЮДО

«ҚОНЖЫҚТЫ» ЖЕҢГЕН БАЛУАН

БИЫЛ ДЗЮДОДАН ҚАТАРДЫҢ АСТАНАСЫ – ДОХАДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ АСА АУЫР САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ФИНАЛЫНДА ФРАНЦИЯЛЫҚ ТЕДДИ РИНЕР МЕН БЕЙТАРАП ЕЛДІҢ ТУЫ АСТЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТКЕН РЕСЕЙЛІК ИНАЛ ТАСОЕВ КҮШ СЫНАСҚАН ЕДІ.

«Жан алысып, жан беріскен» айқастың негізгі уақыты тең аяқталып, бәсеке голден-скорға ұласты. Ережеге сәйкес осы кезеңде алғашқы ұпайды кім алса, жеңіс соған берілуге тиіс. Осы орайда алғырлық танытқан Тасоев ұтымды әдіс жасады. Алайда оның бұл әрекеті төрешілер назарынан тыс қалды. Іле-шала Ринер қарсыласының осал тұсын тауып кетті. Нәтижесінде, Францияның даңқты дзюдошысы бас жүлдені олжаласа, Ресейдің мықтысы күміс медальды қанағат тұтты.

Арада біраз уақыт өткеннен соң Халықаралық дзюдо федерациясы (IJF) бейнетаспаны қайта қарап шығып, қазылардың өрескел қателікке бой алдырғанын мойындады. Осылайша, әділдік орнап, Инал Тасоевқа да алтын медаль табыс етілді. Соған сәйкес ол әлемдік рейтингтегі ұпайларын да түгендеп алды. Сөйтіп, қазіргі кезде +100 кило салмақ дәрежесінің чемпиондық атағын бір емес, екі балуан иеленіп отыр. Дәл осындай жағдай бұрын-соңды дзюдо күресі тарихында болмаған.

Естеріңізге сала кетейік, 25 жастағы Солтүстік Осетияның тумасы командалық сайыста екі рет әлем чемпионатының қола жүлдегері атанып, Еуропа ойындарында топ жарды. Жекелеген жарыста Инал Тасоевтың құр-лық чемпионы, құрлықтық ойындардың күміс жүлдегері, Дүниежүзілік әскерилер ойындары мен әскерилер арасындағы әлем біріншілігінің жеңімпазы деген атақтары бар.

Ал 34 жастағы Тедди Ринер Бейжің және Токиода алауы тұтанған Олимпия ойындарында қола алса, Лондон мен Рио-де-Жанейрода бас

жүлдені қан-жығасына байлады. Жапонияның астанасында ол Франция құрамасының сапында командалық жарыста алдына жан салмады. Сондай-ақ «Қонжық» әлемнің 12 дүркін (11 рет жекелеген сайыста, 1 рет командалық бәсекеде) және Еуропаның бес дүркін чемпионы деген атаққа қол жеткізді. Өзінің атақ-даңқы жағынан бүгінгі таңда Теддимен жер-жаһандағы бірде-бір дзюдошы теңесе алмайды.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҰМЫТЫЛМАС ӘСЕР

ЫСТАНБҰЛ ЖАУҺАРЛАРЫ

ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НӘЗИЯ ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ӘР ӨҢІРДЕГІ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ТҮРКИЯҒА САПАР ШЕКТІК.

Неше ғасыр бұрын бір атадан өрбіп, бір қағанат құрамында болған түбі бір түркі халқының ұрпағы – қазақтар мен түріктердің бауырластығы, тонның ішкі бауындай ынтымақтастығы аңызға айналған. Түркиялықтар Қазақстанды түркі жұртының қарашаңырағы ретінде ерекше қадірлейді.

Тарихтың небір сырларын ішіне бүккен Ыстанбұл қаласы бізді айрықша ықыласпен қарсы алды. «Жүз рет естігенше, бір көрген артық» деген сөз бекер айтылмаған-ау. Жыл сайын әлем саяхатшыларының 46 пайызын қабылдайтын алып шаһар аспанмен астасқан зәулім ғимараттарымен, топырағын түрте қалсаң төгіле сыр шертетін тарихи орындарымен бізді таңқалдырды, баурап алды. Бұл саяхаттың негізгі мақсаты – әсем шаһардың көрікті жерлерін аралап, тарихына қанығу. Біз табан тіреген алғашқы нысан – Сұлтанахмет ғибадат үйі. Оны жергілікті тұрғындар көк мешіт деп атайды екен. Түркияның символына айналған, әлемдік сәулет өнеріндегі ғажайып туындылардың бірі ЮНЕСКО-ның мұралар қорына енгізіліпті. Біз алып ғимаратты аралап қана қоймай оның салыну тарихына терең бойлауға тырыстық. Көк мешіт 1616 жылы Византия королі өмір сүрген қамалдың орнына салынған, оның құрылысы жеті жыл бойы жүргізілген деседі. Төбесіне, қабырғаларына ойылып кестеленген әшекейлердің түсіне байланысты жергілікті халық «көк мешіт» деген тіркесті жиі қолданатын көрінеді.

Туристер ең көп баратын екінші тарихи ескерткіш – Айя София мешіті. Өз басым бұл имандылық ордасына аяқ басқанда ерекше әсерге бөлендім. Азия мен Еуропаның тоғысқан жерінде орналасқан бұл нысан тарихқа бай. Рим императоры Константин I іргесін қалаған ғибадатхана бірнеше рет өртелген. Кейін Юстиниан I христиандардың соборын қайта салғызады. «Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоған 2020 жылдың 10 шілдесі күні Айя Софияның қайта мешіт болуы туралы жарлыққа қол қойып, тура екі аптадан кейін, яғни 24 шілдеде Айя Софияда алғашқы жұма намазы оқылды. Біз мұны тарихи сәт деп бағалаймыз», - дейді біз тілдескен жергілікті тұрғынның бірі.

Түркия – теңізге бай мемлекет. Солтүстігіндегі – Қара теңіз бен Мәрмәр теңізіне, батысында орналасқан – Эгей теңізіне, ал оңтүстігіндегі Жерорта теңізіне қарап Алла тағаланың бұл мемлекетті тіршілік көзінен тарықтырмағанын аңғаруға болады. Түркиялықтар да табиғат тамашасын сый ретінде қабылдап, оларды мол несібенің көзіне айналдырып отыр. Жергілікті тұрғындардың дені теңіз жағасында демалуды қалайтын туристердің есебінен табысқа кенелуде. Біз Мәрмәрдің балдай суына шомылып, терең тыныстадық. Мәрмәр теңізінің атауы ақ мәрмәр өндірілген аралға байланысты пайда болған. Бір ерекшелігі – оның суы жыдың төрт мезгілінде де қатпайды. Бұл теңіз арқылы Қара теңізден Жерорта теңізіне өте маңызды су жолдары өтеді, ал жағалауында Ыстамбұл және Ізмір қалалары және көптеген демалыс орындары орын тепкен.

Біз Ыстанбұлдың көрікті орындарын аралағаннан кейін Тараклыға (Tarakli) ат басын бұрдық. Ол - Түркияның Сакарья қаласында орналасқан ерекше қалашық. Оның басқа елді мекендерден өзгешелігі – тарихында. 13 ғасырда түрік-селжуктер осы жерді басып алғаннан кейін әсем табиғатына қызығып, қоныстанып қалған екен. Мұнда Харк каньоны мен үңгірі (Hark Kanyonu ve Mağarası), Гюнгормез сарқырамасы (Güngörmez Şelalaesi), Кемер көпірі (Kemer Köprüsü), Гюрлейк (Gürleyik Deresi) және Аджису өзендері (Acısu Deresi), сондай-ақ Хамзапынар (Hamzapınar Yaylası) және Беленгермеси үстірті (Belengermezi Yaylası) орналасқан. Шетелдік туристер Осман кезеңіне жататын сәулет өнерімен, тарихи құрылыстармен, қолөнермен таныса алады. Тараклыдағы ең үлкен ғимарат – 1517 жылы салынған Юнус-паша мешіті. Оны Осман им-периясының танымал сәулетшісі Мимар Синан тұрғызған екен. Сол кездің өзінде ғимараттың өзгеше жылыту жүйесі болған.

Сакарьяның қалың орманының арасында орналасқан, жасыл желекке малынған шағын ғана қалашықтың тағы бір ерекшелігі, жергілікті тұрғындардың айтуынша, қыс мұнда ерте, қараша айында түседі де наурызға дейін созылады, алайда басқа провинцияларға қарағанда қар тез еріп, сәуірде көктем келеді.

Түріктер үшін Платан ағашының орны бөлек. Ол жайында әдемі аңыз да бар. Оны бізге жол көрсетіп жүрген гид Беркан Ташан айтып берді:

«Осман түсінде жүрегінде үлкен платан ағашының өсіп шыққанын көреді. Оны айналасындағы діндарлар жақсылыққа жорып, жақында үлкен империяға иелік ететінін және оны ұзақ уақыт бойы басқаратынын айтады. Айтқанындай, түрік сұлтандары Осман империясын 600 жыл бойы басқарған екен. Ал қай жерді басып алады, сол жерге осы платан ағашын отырғызған. Сондықтан платан – Осман империясының басты символы. Бұл ағаш ұзақ уақыт өседі, мысалы, осы Тараклыда 700 жылдық платан ағашы өсіп тұр», - дейді ол.

Тараклы елді мекені ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне алынған. Сондай-ақ 5 жыл бұрын Түркиядағы ең үздік елді мекен атағын жеңіп алған. Оны жергілікті тұрғындар «тыныш қала» деп атап кеткен.

«Түркітілдес журналистер қоры» мұндай сапарларды жиі ұйымдастырады. Бұл жолы ондағы мамандардың таңдауы өңірлердегі журналистерге түскені қуантты. Біз бұл шарадан ұмытылмас әсер алып қайттық. Түркия әуежайынан Қазақстанға ұшарда алып шаһар – Ыстанбұлдың жауһарлары жарқ-жұрқ етіп менмұндалай көрінді. Біз бұл әдемі сәтті Түркияның атажұртқа оттан да ыстық сәлемі деп қабылдадық.

Ерлан ТОҚШЫЛЫҚ,
Қазақстан журналистер одағы облыстық филиалының директоры.

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ!

10.06.1997 жылы туған Бейсетова Нұргүл Жұмажанқызы 2014 жылы күз айында Өтенай ауылынан Алматы қаласына кеттім деп үйден шығып кеткен. Содан бері із-түссіз жоқ. Арада 9 жыл өтсе де әлі табылмады.

Танитын, көрген адамдар болса мына телефон нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз: 8 775 877 75 25 немесе 102.

Бейсетова Нургуль Жумажановна 10.06.1977 года рождения, проживала по адресу с.Отенай по улице Б.Кадыржанова. Осенью 2014 года выехала в город Алматы. Прошло 9 лет, до настоящего времени ее местонахождение неизвестно.

Всех, кто видел или знает о ее местонахождении просьба сообщить по телефону: 8 775 877 75 25 или 102.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 705
Индекс 15534